жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізіледі.

3. Форс-мажор

3.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және осы жағдайлар кезінде алдын алуға болмайтын жағдайлар – дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдай және т.б. (форс-мажор) салдарынан мүмкін болмаған кезде, сондай-ақ Портал және (немесе) жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы ақпараттық жүйесі жұмысының техникалық істен шығуы туындаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайларға сілтеме жасайтын Тарап Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау форс-мажорлық мән-жайлардың салдарынан мүмкін болмағанын және ол Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдағанын дәлелдеуі тиіс.

3.2. Егер Тапсырыс беруші немесе Орындаушы бақылай алмайтын форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзса, Тараптар Портал және (немесе) жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы ақпараттық жүйесі жұмысының техникалық істен шығуы туындаған жағдайларды қоспағанда, Шарттың қолданылуын тоқтата тұру туралы келісімге қол қою арқылы Шарттың тоқтатылғанын жазбаша түрде куәландырады.

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 64-4-бабының 2-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 670 бұйрығымен бекітілген «Бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйелерді жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – 670-қағидалар) сәйкес, Портал және (немесе) жобалардың ведомстводан тыс кешенді сараптамасы ақпараттық жүйесі жұмысының техникалық істен шығуы туындаған жағдайда оператор болып табылатын Орындаушы 670-қағидаларда белгіленген іс-шараларды жүзеге асырады.

670-қағидаларда белгіленген «орташа» күрделілік деңгейі бар техникалық істен шығулар туындаған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіні 299-қағидаларда және Шартта белгіленген ведомстводан тыс кешенді сараптама рәсімдерін ұзарту мерзімі туралы электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

670-қағидаларда белгіленген «жоғары» күрделілік деңгейі бар техникалық істен шығулар туындаған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіні Порталда және Жеке кабинетте тиісті жаңалықты орналастыру арқылы 299-қағидаларда және Шартта белгіленген ведомстводан тыс кешенді сараптама рәсімдерін ұзарту мерзімі туралы хабардар етеді.

«Орташа» және «жоғары» күрделілік деңгейі бар техникалық істен шығулар туындаған жағдайда, уақыты жағынан техникалық істен шығумен тұспа-тұс келген 299-қағидаларда және Шартта белгіленген ведомстводан тыс кешенді сараптама рәсімдерінің мерзімдері Шарттың қолданылуын тоқтата тұру туралы келісім жасаспай, техникалық істен шығу уақытына автоматты түрде ұзартылады.

3.3. Егер Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген жағдаяттар 1 (бір) айдан астам орын алатын болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте, Орындаушыға Шарт бойынша ол нақты орындаған жұмыс құнын төлеу жүргізіледі.

4. Дауларды шешу тәртібі

4.1. Осы Шарт бойынша Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер немесе оларға байланыстылар олардың арасында келіссөзге келу жолымен шешу үшін барлық күш-жігерін салуы тиіс.

4.2. Егер мұндай келіссөздерден кейін Тараптар Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, кез-келген Тарап сараптама жұмысы жүргізілген орынға (Шарттың орындалу жері бойынша) байланысты Орындашуы немесе оның филиалдары орналасқан жер бойынша сотқа жүгіне алады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер

5.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында сыбайлас жемқорлықты ескерту және жемқорлықпен күрес ісінде ынтымақтастықта болуға жауапкершілік алады.

5.2. Осы Шарттың 5.1-тармағын орындау мақсатында, Тараптар өздеріне:

1) сыбайлас жемқорлық жағдайларын туғызатын құқық бұзушылық, құқыққа қайшы мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуына байланысты сыйбайлас жемқорлық жасағанмен бірдей болатын құқық бұзушылық жасамауға;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың өкілеттігі мен міндеттерінен туындайтын шаралар қабылдауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын анықтаудың барлық жағдайлары туралы мәліметті бір-біріне тез арада хабарлауға міндеттеме қабылдап алады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Шарт бірдей заңдық күші бар қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

6.2. Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері оған қол қойған және Шартта белгіленген мөлшерде және мерзімдерде Тапсырыс беруші Орындаушының есеп айрысу шотына алдын-ала төлем енгізген күннен бастап күшіне енеді.

Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

6.3. Осы Шарттың кез-келген өзгерістері мен толықтырулары Шарт жасалған нысанда жасалады.

6.4. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасындағы заңнаманы басшылыққа алады.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері

Тапсырыс беруші	Орындаушы
«"Орал Құрылыс Жөндеу Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі»	«Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)»
Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1 үй Индекс: 090000 БСН/ЖСН: 090240006249 Банк: "Қазақстан Халық Банкі "АҚ КБК: 17 ЖСК: KZ576010181000160277 БСК: HSBKKZKX Электрондық пошта: too_okjs@mail.ru Телефон: +7(711)-221-31-34	Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Күлтөбе жолағы, 7 ғимарат Индекс: 010000 БСН/ЖСН: 000540000235 Банк: "Қазақстан Халық Банкі "АҚ КБК: 16 ЖСК: KZ186010111000134259 БСК: HSBKKZKX Электрондық пошта: gosexpertiza@gosexpertiza.kz Телефон: +7(717)-257-44-84 ; +7(717)-257-42-36 (есеп бөлімі) ; +7(717)-223-56-97 ; +7(717)-223-50-24 (жоспарлау-шарт бөлімі) Төлемді тағайындау коды: 859

Тапсырыс беруші:	
АКАТОВ НУРЛАН УКАСОВИЧ	КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ

№ Шартқа № 1 қосымша

"БҚО, Орал қаласы, Қонаев шағынауданы, 4-үй, 2-кіреберіс мекенжайындағы тұрғын үй ғимаратындағы жолаушылар лифтін ауыстыру (жаңғырту)" жұмыс жобасы бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге арналған электрондық шарттың ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАРЫ

1. Шарт бағасы және төлем тәртібі

1.1. Тапсырыс беруші Құжаттама бойынша сараптама жұмыстары үшін Орындаушыға **125 824 (жүз жиырма бес мың сегіз жүз жиырма төрт) тенге 4 (төрт) тиын**, оның ішінде 16 % ҚҚС-н төлеуге міндеттенеді (бұдан әрі – Шарт бағасы).

Шарт бағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 780 бұйрығымен бекітілген Объектілер құрылысының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылысын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес анықталды.

1.2. Тапсырыс беруші Шартқа Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Орындаушының есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы Шарт бағасының 100%-ы (жүз пайызы) мөлшерінде алдын ала төлем жүргізуге міндетті.

Төлем тапсырмасын рәсімдеу кезінде төлемнің мақсатында Шарттың нөмірі міндетті түрде көрсетіледі.

1.3. Егер алдын-ала төлем (аванстық төлем) Ерекше жағдайлардың (1-қосымша) 1.2-тармағында белгіленген мөлшерде және мерзімдерде Орындаушының есеп айырысу шотына аударылмаған жағдайда, осы Шарт күшіне енбеген болып саналады.

1.4. Шарттың бағасы Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамаға сәйкес өзгертілуі мүмкін.

1.5. Орындаушымен сараптама жұмысын бастау күні Тапсырыс беруші авансты (алдын ала төлем) төлеу бойынша міндеттемелерін орындаған күннен кейінгі күн болып табылады.

2. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

2.1. Тапсырыс беруші:

1) бас жобалаушының қатысуымен (қажет болған жағдайда) Құжаттама бойынша сарапшылардың дәлелді ескертпелерін ескертпелер берілген күннен бастап, **10 жұмыс күнінен*** аспайтын мерзімде жоюға, Тапсырыс беруші электронды цифрлық қолтаңбамен бекіткеннен кейін Орындаушыға Портал арқылы жауаптар жолдауға;

*Мерзімі Қағидалардың 38 немесе 38-1-тармағына сәйкес белгіленеді.

2) Орындаушының сауалы бойынша ол көрсеткен мерзімдерде Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты ұсынуға;

3) Жеке кабинеттің көмегімен Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасауды қамтамасыз етуге;

4) сараптама жұмысы нәтижесін сараптама қорытындысының тұжырымдарына қарамастан осы Шарттың Ерекше жағдайларының 4-бөлімінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қабылдауға;

5) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда сараптама жұмыстарының қорытындысын Шарттың ережелеріне сәйкес қабылдауға. Сараптама жұмыстарының қорытындысын мерзімінен бұрын қабылдаудан бас тарту оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайда жол беріледі;

6) «Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ техникалық экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 705 бұйрығына (бұдан әрі – 705-қағидалар) сәйкес, Портал арқылы Құжаттама авторымен Құжаттаманы пайдалану құқықтарын, оның ішінде мүліктік (айрықша) құқықтарды мемлекеттік банк операторына беру туралы шартқа қол қоюға және оң қорытынды алған жаңа құрылысқа арналған ТЭН-ді, үлгілік жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, ЖСҚ құжаттарының электрондық нұсқасын 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық архивке және электрондық тізілімге енгізу үшін жіберуге;*

* 2.1-тармақтың 6) тармақшасы мемлекеттік инвестициялардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен әзірленген Құжаттамаға Тапсырыс берушілерге қатысты қолданылады.

7) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген және Шарттың ережелерінен туындайтын өзге міндеттемелерді орындауға міндетті.

2.2. Тапсырыс берушінің:

1) Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес міндеттемелерін адал және тиісінше орындауын талап етуге;

2) Орындаушыға орындалған сараптама жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша талап қоюға;

3) Тараптардың біреуі жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу немесе нәтиже шығару тәртібін бұзған жағдайда осы өтінішті негіздей отырып, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері бойынша уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

4) жүргізілген ведомстводан тыс кешенді сараптаманың нәтижелерімен келіспеген кезде сарапшылардың қорытындысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдану;

5) Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген әрекеттерді жасауға құқығы бар;

6) бас жобалаушыға Портал арқылы Құжаттама бойынша сарапшылардың ескертпелерін жоюға қатысуға мүмкіндік беруге.

2.3. Орындаушы:

1) 299-қағидалармен белгіленген тәртіпте сараптама жұмыстарын жүргізуге;

2) Портал арқылы Құжаттама бойынша сарапшылардың дәлелді ескертпелерін сараптама жұмысы басталған күннен бастап, **20 жұмыс күнінен*** аспайтын мерзімде беруге;

*Мерзімі Қағидалардың 38 немесе 38-1-тармағына сәйкес белгіленеді.

3) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізуге және сараптама жұмысы басталған күннен бастап, **45 жұмыс күнінен*** аспайтын мерзімде сараптама қорытындысын беруге;

*Мерзімі Қағидалардың 31 немесе 31-1-тармағына сәйкес белгіленеді.

4) Құжаттама бойынша құпиялылықты сақтауға және коммерциялық құпияны қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Құжаттаманы сарапшылардың қарауы бойынша істің ағымдағы жағдайы туралы деректерді Орындаушының интернет-ресурсына орналастыруға;

6) Тапсырыс берушіге сараптама нәтижесін осы Шарттың Ерекше жағдайларының 4-бөлімінде белгіленген тәртіпте және мерзімдерде қарау және қабылдау үшін ұсынуға;

7) сараптама жұмыстарының нәтижелері бойынша:

қаралған Құжаттаманы іске асыру үшін бекітуге ұсынумен оң сараптама қорытындысын;

немесе Құжаттаманың Қазақстан Республикасында қолданылатын мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келмеуі туралы теріс сараптама қорытындысын беруге;

немесе мердігер ҚР АК 655-бабының 3-тармағына сәйкес, жобалау шешімдерін өзгертпей, сметаны қайта қарауды жүргізу туралы өтініш білдірген кезде құрылыс ресурстары құнының ұлғаюы себебінен сметалық құнды түзету жобалары бойынша құрылыстың бұрын бекітілген құнын ұлғайту кемінде он пайызды құрайтыны анықталған кезде теріс сараптама қорытындысы;*

*2.3-тармақтың 7) тармақшасының төртінші абзацы мердігер Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 655-бабының 3-тармағына сәйкес, жобалау шешімдерін өзгертпей, сметаны қайта қарауды жүргізу туралы өтініш білдірген кезде бұрын бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың құнын құрылыс ресурстары құнының ұлғаюы себебінен кемінде он пайызға ұлғайту көзделетін жобаларға қатысты қолданылады.

8) Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізгеннен кейін оң сараптама қорытындысы берілген жағдайда, Құжаттаманың тиісті бөлімдеріне (бөліктеріне) жауапты сарапшылар электрондық-цифрлық қолтаңбасын қойып куәландыруға;

9) 705-Қағидаларға сәйкес мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен әзірленген техникалық-экономикалық негіздеме, үлгілік жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама, жаңа құрылысқа арналған жобалау-сметалық құжаттама бойынша оң сараптама қорытындысын алған құжаттаманы электрондық мұрағатта сақтау үшін Құрылыс жобаларының мемлекеттік банкіне енгізуге;

9-1) Шарттың 2.3-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген, жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылатын жобалар жобаға тапсырыс берушінің шешімі бойынша электрондық архивке енгізілуге жатады;

10) Оң сараптама қорытындысын алған құжаттама (сметалық бөлімісіз) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидалары негізінде Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына ұсынылсын;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген және осы Шарттан туындайтын өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

2.4. Орындаушының:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Тапсырыс берушіден Құжаттама бойынша қажетті материалдар мен ақпараттарды сұратуға және алуға;

2) Тапсырыс беруші жергілікті және жиынтық сараптама қорытындыларының тұжырымдарында ескертілген шарттарды (талаптарды) орындамаған кезде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 64-8-бабының 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бұрын берілген оң сараптама қорытындысын кері қайтарып алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге әрекеттер жасауға құқығы бар.

3. Кепілдіктер

3.1. Тапсырыс беруші Құжаттаманы әзірлеуге негіз болып табылатын бастапқы құжаттардан тұратын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген кепілдікке толық жауаптылықта болады.

4. Жұмыстарды қабылдау және тапсыру тәртібі

4.1. Орындаушы сараптама қорытындысына тіркеу нөмірін берген күні Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын аяқтау күні болып табылады.

4.2. Осы Шарт бойынша сараптама нәтижесін тексеруі және қабылдауы сараптама жұмысын қабылдауды куәландыратын тіркеу нөмірі мен сараптама қорытындысының күнін көрсетумен Тапсырыс берушінің хабарламаны алуы болып табылады.

Хабарламада орындалған сараптама жұмысының кемшіліктерін жою бойынша кейін талап қою мүмкіншілігі міндетті түрде көрсетіледі.

4.3. Орындаушы электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген орындалған жұмыстың электрондық актісін Тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы жібереді. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың элекрондық актісін бекіткеннен кейін Орындаушы Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық шот-фактураны жазып береді.

4.4. Тапсырыс беруші Орындаушы орындалған жұмыстың электрондық актісін ресімдегені туралы мемлекеттік сатып алудың веб-порталында хабарлама алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық актіде Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбасын қояды.

4.5. Сараптама жұмыстарының аяқталу мерзімі келесі қаржы жылына белгіленген шарттар бойынша, Тараптар орындалған жұмыстардың аралық актісіне ағымдағы қаржы жылында қол қояды.

4.6. Сараптама қорытындысын беру келесі құжаттардың негізінде Портал арқылы жүзеге асырылады:

1) Тараптар қол қойған орындалған жұмыстар актісі;

2) Тараптар мен Құжаттама авторы қол қойған Құжаттаманы пайдалану құқықтарын, оның ішінде мүліктік (айрықша) құқықтарды беру туралы шарт.*

* 4.6-тармақтың 2) тармақшасы:

мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері болып табылатын, Құжаттаманы әзірлеушінің Құжаттаманы пайдалану құқықтарын, оның ішінде мүліктік (айрықша) құқықтарды беру туралы шартқа қол қою міндеттемесін қамтитын 31.08.2022 жылғы өзгерістерімен мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттың редакциясы бойынша Құжаттама әзірлеуге шарт жасасқан;

құрылыс объектісі мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын, ол бойынша Құжаттаманы пайдалану құқықтарын, оның ішінде мүліктік (айрықша) құқықтарды беру туралы шартқа қол қою туралы талап қамтылатын объектіні жобалауға арналған тапсырмасы 03.12.2022 жылдан бастап жасалған Тапсырыс берушілерге қатысты қолданылады.

5. Шартты бұзу

5.1. Құжаттама бойынша сараптама жұмыстарын жүргізу барысында Орындаушының келешекте қаралып отырған Құжаттама бойынша сараптама қорытындысын ресімдеуі және беруі, сондай-ақ Тапсырыс берушінің оны алуы мақсатсыз болуына байланысты жағдайлар туындағанда, Тапсырыс беруші Орындаушыға сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы Тапсырыс берушінің осындай шешімінің негізділігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ресми өтініш жолдайды.

5.2. Тапсырыс беруші сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы Орындаушыға негізделген өзгерістер жағдайында ресми өтініш жібереді (бөлек-бөлек немесе барлығын бірге):

жобалауға арналған тапсырмасы;

бастапқы құжаттарды (материалдарды, деректерді), оның ішінде жер учаскесін беру (орналасқан орны немесе шегі) туралы акті, инженерлік тіршілік көзін қамтамасыз ету жүйесіне қосуға арналған инженерлік іздестірулер мен техникалық шарттар нәтижелері, олардың параметрлері мен талаптары;

жобаланатын объектінің аумағы айналасындағы бекітілген бөлшектеп жоспарлау жобаларында және (немесе) құрылыс салу жобаларында қала құрылысы шешімдерін қайта қарауға байланысты сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жергілікті атқарушы органның сәулет-жоспарлау тапсырмасының шарттары мен талаптары;

Тапсырыс берушінің жоспарланған объектінің құрылысын салудан бас тарту туралы дәлелді шешімі.

5.3. Тапсырыс берушінің растайтын құжаттарды қоса беріп, сараптаманы тоқтату қажеттілігі туралы өтінішін тіркегеннен кейін Орындаушы сараптама жұмыстарын тоқтатады және Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіпте Шартты бұзуды ресімдейді. Бұл ретте Орындаушы орындалған жұмыс актісін жасайды және олардың құнын анықтайды, оларды Тапсырыс беруші Шартты бұзу кезінде толық көлемде төлеуге міндетті.

5.4. Орындаушының жиынтық сметалық құжаттаманы қарауды, сараптама қорытындысын дайындау мен ресімдеуді аяқтауы үшін Тапсырыс берушінің растаушы құжаттармен қоса, сараптаманы тоқтату қажеттігі туралы ресми өтініші заңнамада белгіленген мерзімде ұсынылған жағдайда, Шарт жоғарыда көрсетілген негіздемелер бойынша бұзуға жатпайды және Орындаушы шарт міндеттемелерін белгіленген тәртіппен аяқтайды.

6. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Тапсырыс беруші Орындаушыдан Құжаттамаға сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін, оның кінәсінен жіберілген, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін орындамаған немесе тиісті ретімен орындамаған міндеттемелер сомасынан Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде айыпақы (өсімақы) өндіртіп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

6.2. Орындаушы Тапсырыс берушіден Құжаттамаға сараптама жүргізу мерзімін бұзғаны үшін, оның кінәсінен жіберілген, міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін әрбір кешіктірілген күн үшін орындамаған немесе тиісті ретімен орындамаған міндеттемелер сомасынан Шарт бағасының 0,1%-ы мөлшерінде айыпақы (өсімақы) өндіртіп алуға құқылы, бірақ ол Шарт бағасының 10%-нан аспауы тиіс.

6.3. Айыпақы (өсімақы) төлеу Тараптарды осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.4. Тапсырыс берушінің Жеке кабинеттің көмегімен сараптама жұмыстарының барысына тұрақты (күнделікті) мониторинг жасау міндеттемесін орындамауы, сондай-ақ оны уақытында орындамауы Шарт бойынша міндеттемені бұзғаны үшін одан жауапкершілікті алмайды.

7. Тараптардың қолдары

Тапсырыс беруші:	Орындаушы:

"Орал Құрылыс Жөндеу Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)
АКАТОВ НУРЛАН УКАСОВИЧ	КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ

№ Шартқа № 2 қосымша

Приложение № 2 к Договору № от

Техникалық ерекшелік / Техническая спецификация

№	Атауы (қысқаша сипаттамасы) / Наименование (краткая характеристика)	Өлшем бірлігі / Ед. изм.	Саны / кол-во	ҚҚС есепке алғанда бірлік үшін бағасы, теңге / Цена за единицу, тенге с учетом НДС	ҚҚС есепке алғанда жалпы сомасы, теңге / Общая сумма, с учетом НДС, тенге
1	ЖЖ(ТЭН,Ж) ведомстводан тыс кешенді сараптамасы бойынша сараптама жұмыстары / Экспертные работы по комплексной вневедомственной экспертизе РП(ТЭО,П) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 299 бұйрығымен бекітілген Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңаларын	жұмыс / работа	1	125824.04	125824.04

	салуға, сондай-ақ бұрыннан бар үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамасына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу / проведение комплексной вневедомственной экспертизы в соответствии с Правилами проведения комплексной вневедомственной экспертизы технико-экономических обоснований и проектно-				

	сметной документации, предназначенных для строительства новых, а также изменения (реконструкции, расширения, технического перевооружения, модернизации и капитального ремонта) существующих зданий и сооружений, их комплексов, инженерных и транспортных коммуникаций независимо от источников финансирования, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 1 апреля 2015 года № 299				
Барлығы / Итого					125824.04

Тапсырыс беруші / Заказчик:	Орындаушы / Исполнитель:
"Орал Құрылыс Жөндеу Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)

АКАТОВ НУРЛАН УКАСОВИЧ	КАРАГОЙШИН ТИМУР ДЖИЕНБАЕВИЧ